

**"Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және
Өзбекстан Республикасы арасындағы "Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымын құру
туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 1109 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және
Өзбекстан Республикасы арасындағы "Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымын құру
туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан
Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы, Қырғыз
Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы
арасындағы "Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымын құру туралы
шартты бекіту туралы**

2002 жылғы 28 ақпанда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасы,
Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы
арасындағы "Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымын құру туралы шарт бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және
Өзбекстан Республикасының арасындағы "Орталық Азия ынтымақтастығы"
ұйымын құру туралы шарт**

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы, Қырғыз
Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы,

Орталық Азия бауырлас халықтарының терең тамырлы достығы мен тату
көршілестігі, тарихи және мәдени қауымдастық дәстүрлеріне сүйене отырып,

өңірлік қауіпсіздік пен тұрлаулылықты қамтамасыз ету, терроризмге және
экстремизмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне бірлесіп қарсы тұру
мәселелерінде өзара іс-қимыл жасаудың маңыздылығын негізге ала отырып,

өңірдегі халықтардың өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған, саяси,

экономикалық және мәдени-гуманитарлық қатынастар саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуді қамтамасыз етуге деген ұмтылыс қозғаушы болып,

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына өздерінің адалдығын қуаттай отырып,

Орталық Азия Экономикалық Қоғамдастығының Орталық Азияның әлеуметтік-экономикалық өрлеу ісінде және өңірдің тұрлаулылығы мен қауіпсіздігін нығайтуда маңызды рөл атқарғанын атап өте отырып,

2001 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекеттері Басшыларының Ташкент мәлімдемесіне сәйкес,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Ұйымды құру

Саяси диалогты алға жылжыту және оны диверсификациялау, өңірлік экономикалық интеграцияның нысандары мен тетіктерін жетілдіру, саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық қатынастар саласындағы көпқырлы ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Уағдаласушы Тараптар Орталық Азия Экономикалық Қоғамдастығын "Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымы етіп қайта құрады (бұдан әрі - ОАЫ).

Уағдаласушы Тараптардың бұрынырақ Орталық Азия Экономикалық Қоғамдастығы шеңберінде жасасқан шарттары мен келісімдері, сондай-ақ Мемлекеттер Басшыларының осы Шартқа қайшы келмейтін шешімдері өз күшін жоғалтпайды.

ОАЫ игі ниеттілік, егемендікті, аумақтық тұтастықты, тең құқықтылықты құрметтеу, сондай-ақ осы Шарттың ережелерін іске асыру жолындағы мүше-мемлекеттердің жауапкершілігі негізінде құрылады.

2-бап

Мақсаттары мен міндеттері

ОАЫ-ның негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

- саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, табиғатты қорғау, мәдени-гуманитарлық салаларда, сондай-ақ өңірлік қауіпсіздік пен тұрлаулылықты қамтамасыз ету ісінде тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыру;

- мүше-мемлекеттердің тәуелсіздігі мен егемендігіне, аумақтық тұтастығына төнетін қауіп-қатердің алдын алу мәселелерінде өзара қолдау көрсету;

- өңірлік және трансұлттық қылмысқа, әсіресе заңсыз есірткі айналымына, ұйымдасқан қылмыс, заңсыз көші-қон және терроризмге қарсы күрес;

- біртұтас экономикалық кеңістікті кезең-кезеңімен қалыптастыруда келісілген күш-жігер жұмсауды жүзеге асыру;
- бірлескен көліктік-коммуникациялық және энергетикалық жүйелердің ортақ инфрақұрылымын құру жөнінде өзара іс-қимыл жасау;
 - шекара және кедендік бақылау саласында келісілген саясат жүргізу;
 - тариф саясаты саласында ынтымақтастықты жүзеге асыру;
 - су объектілерін, су-энергетика ресурстарын және су шаруашылығы қондырғыларын ұтымды және өзара тиімді пайдалану саласында үйлестірілген және келісілген іс-қимылдар жүргізу;
 - мәдениет, ғылым мен техника, білім беру, спорт және туризм салаларындағы ынтымақтастықты дамыту арқылы ОАЫ-ға мүше мемлекеттер халықтарының рухани әлеуетінің өсуіне жәрдемдесу;
 - өзара мүдделілік білдірілетін басқа да бағыттар бойынша ынтымақтастықты дамыту.

3-бап

Мүшелік

ОАЫ-ның құрылтайшы мемлекеттері - Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы болып табылады;

ОАЫ-ның құрылтайшы мемлекеттері, сондай-ақ ОАЫ-ның мақсаттарын, қағидаттарын бөлісетін және барлық мүше мемлекеттердің келісімі бойынша қосылу арқылы осы Шарт бойынша өзіне міндеттемелер қабылдайтын басқа да мемлекеттер ұйымға мүше мемлекеттер болып табылады. Ондай мемлекет үшін осы Шарт ОАЫ-ға мүше мемлекеттен жазбаша хабарлау алынған күннен бастап күшіне енеді.

ОАЫ-ға мүше мемлекет ОАЫ-ға мүше басқа мемлекеттерге мүшелікті тоқтату күніне дейін 12 айдан кешіктірмей жазбаша хабарлау арқылы ОАЫ-дағы өзінің мүшелігін тоқтатуға құқылы. Осы Шартқа қатысуы кезеңінде пайда болған міндеттемелер, тиісті мемлекетті олар толық орындалғанша байланыстырады.

4-бап

Органдар

ОАЫ-ның шеңберіндегі осы Шарттың мақсаттары мен міндеттері орындау үшін:

- Мемлекеттер басшылары мен Премьер-министрлердің Кеңесі;
- Сыртқы істер министрлерінің, салалық министрліктер мен ведомстволар басшыларының кеңестері;
- Ұлттық үйлестірушілердің Комитеті қызмет етеді.

5-бап

Мемлекеттер Басшыларының және Премьер-министрлердің кеңесі

Мемлекеттер Басшыларының және Премьер-министрлердің кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) мүше мемлекеттердің ортақ мүдделеріне байланысты неғұрлым маңызды мәселелерді қарастырады, стратегиясын, интеграцияның бағыттары мен даму келешегін анық және осы Шартты іске асыруға бағытталған шешімдер қабылдайды.

Мемлекеттер Басшылары деңгейіндегі Кеңес отырыстарға жылына бір реттен кем жиналады.

Премьер-Министрлер деңгейіндегі Кеңес қажет болғанына қарай және ОАЫ-ға мүше Мемлекеттер Басшыларының тапсыруымен жиналады.

Кеңесте төрағалық ету ОАЫ-ға мүше мемлекеттер атауларының орыс алфавиті тәртібіндегі кезекпен бір жыл бойында жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда ОАЫ-ға мүше бір мемлекеттің ұсынысы және ОАЫ-ға мүше барлық мемлекеттердің келісімі бойынша Кеңестің кезектен тыс отырыстарын шақыруға болады.

Кеңес жұмысының тәртібін ОАЫ-ға мүше мемлекеттердің Басшылары анықтайды.

Кеңес өз шешімімен Салалық министрліктер мен ведомстволар басшыларының кеңесін құрып және олардың ережелерін бекіте алады.

6-бап

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі ОАЫ-ның жұмыс органы болып табылады.

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі ОАЫ-ның ағымдағы қызметіне жататын мәселелерді қарайды және ОАЫ шеңберінде халықаралық проблемалар туралы консультациялар өткізеді.

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі мүше Мемлекеттер Басшылары Кеңесінің отырысы өткізілуіне дейін бір айдан кешіктірмей алады.

Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезектен тыс отырыстары кемінде екі мүше мемлекеттің ұсынысы бойынша және барлық басқа мүше мемлекеттердің келісімімен шақырылады.

Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде төрағалық ету жыл бойына ОАЫ-ға мүше мемлекеттер атауларының орыс алфавитіндегі тәртібі бойынша кезекпен жүзеге асырылады.

Сыртқы істер министрлері кеңесінің функциялары мен жұмыс тәртібі Мемлекеттер Басшылары деңгейіндегі Кеңес шешімімен бекітілетін Ережемен анықталады.

7-бап

Ұлттық үйлестірушілер комитеті

Ұлттық үйлестірушілер комитеті (бұдан әрі - Комитет) ОАЫ-ның үйлестіру мен ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады.

Ұлттық үйлестірушіні ОАЫ-ға мүше Мемлекеттің Басшысы тағайындайды және б о с а т а д ы .

Комитеттің қызметі Мемлекеттер Басшылары деңгейіндегі Кеңес бекітетін Ережеге сәйкес атқарылады.

8-бап

Қаржыландыру

Мүше мемлекеттер өз өкілдері мен сарапшыларының ОАЫ органдарының жұмысына, сондай-ақ ұйымның іс-шараларына қатысуларына байланысты шыққан шығыстарды өздері көтереді.

9-бап

Байқаушылар

Мемлекеттер Басшылары деңгейіндегі Кеңестің шешімі бойынша кез келген мемлекет немесе халықаралық ұйымға, тиісті өтініш білдірген жағдайда, ОАЫ жанындағы байқаушы мәртебесі берілуі мүмкін.

Байқаушы мәртебесін беру, тоқтату және күшін жою Мемлекеттер Басшылары деңгейіндегі Кеңес шешімімен бекітілетін Ережемен анықталады.

10-бап

Құқық қабілеттігі

ОАЫ әрбір мүше мемлекет аумағында өз мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажет құқықтық қабілеттігін пайдаланады.

ОАЫ мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастар орната алады және олармен шарттар жасасады.

ОАЫ заңды тұлғаның құқықтарын пайдаланады, өз қызметін осы Шартқа сәйкес жүзеге асырады.

11-бап

Шешімдерді қабылдау және орындау тәртібі

ОАЫ-ның органдарындағы шешімдер ортақ келісімге келу арқылы қабылданады және мүше мемлекеттер оны өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес орындайды.

ОАЫ шеңберінде қабылданған мүше мемлекеттердің міндеттемелерін орындауды бақылау Ұлттық үйлестірушілердің құзыреттері шегінде жүзеге асырылады.

12-бап

Артықшылықтар мен иммунитеттер

ОАЫ және оның лауазымды иелері барлық мүше мемлекеттердің аумақтарында өз міндеттерін орындауға, сондай-ақ осы Шартпен және ОАЫ шеңберінде қолданылатын келісімдермен көзделген мақсаттарға жету үшін қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

Артықшылықтар мен иммунитеттер көлемі және лауазым иелерінің тізбесі жеке құжаттармен белгіленеді.

13-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Осы Шартқа ОАЫ-ға мүше мемлекеттердің өзара келісімі бойынша осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Тіл

ОАЫ-ның жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

15-бап

Тіркеу

Осы Шарт БҰҰ Жарғысының 102-ші бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелуі қажет.

16-бап

Басқа шарттарға қатынасы

Осы Шарт мүше мемлекеттердің олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардағы құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

17-бап

Депозитарий

Осы Шарттың депозитарий міндетін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

18-бап

Қолданыс мерзімі және күшіне енуі

Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады және мүше мемлекеттер оның қолданысын тоқтату туралы тиісті шешім қабылдағанша өз күшінде болады.

Осы Шарт Уағдаласушы Тараптардың бекітуіне жатады, қол қойылған сәттен бастап уақытша қолданылады және депозитарийге соңғы бекіту грамотасын тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Алматы қаласында 2002 жылы 28 ақпанда бір дана түпнұсқада орыс тілінде жасалды.

Шарттың қазақ, қырғыз, тәжік және өзбек тілдеріндегі мәтіні дайындалады және орыс тіліндегі мәтінмен сәйкестігін анықтайтын дипломатиялық ноталармен алмасқан соң мәні жағынан тең мәтін ретінде қабылданады.

Депозитарий әрбір Уағдаласушы Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Өзбекстан</i>
<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>
<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>